

АЛЫС ШЕТЕЛДЕРДІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ АЙЫППУЛ ЖАЗАСЫ

PENALTY IN THE CRIMINAL LAW OF FOREIGN COUNTRIES

Күмарбеккызы Ж.

Kumarbekkyzy Z.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратура жаһындағы Құқық қорғау органдары Академиясы,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы, zhanika-7@mail.ru

Academy of Law enforcement agencies of the prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan,
Astana, Republic of Kazakhstan, zhanika-7@mail.ru

Резюме

Автор статьи на основе сравнительно-правового анализа норм, регламентирующих наказание в виде штрафа, в уголовном праве стран дальнего зарубежья (Франция, Германия, Испания, Англия, США) дает оценку уровню правовой регламентации штрафа, определяет его место в системе наказаний, характеризует оценку уровня правовой регламентации штрафа, определяет его место в системе наказаний, характеризует порядок исчисления и замены штрафа другим, более строгим, наказанием. Повествуя о влиянии уголовного законодательства стран дальнего зарубежья на Уголовный кодекс Республики Казахстан 2014 года, предлагает пути совершенствования соответствующей нормы национального уголовного права.

Abstract

The author of article carries out the comparative and legal analysis of the norms regulating punishment in the form of a penalty in criminal law of foreign countries (France, Germany, Spain, England, USA), gives an assessment to the level of a legal regulation of a fine, defines its place in system of punishments, characterizes an order of calculation and replacement of a penalty with another more strict punishment. Narrating about influence of the criminal legislation of foreign countries on the Criminal code of the Republic of Kazakhstan of 2014, offers ways of improvement of the corresponding norm of national criminal law.

Кілттік сөздер:жаза, жаза жүйесі, айыппул, мұліктік жазалар, қылмыс, құқықбұзушылықтар.

Keywords: punishment, punishment system, fine, property punishment, a crime, offense.

Түрлі мемлекеттердің құқықтық жүйелерін салыстыра отырып зерттеудің гносеологиялық (танымдық) және тәжірибелік маңызы бар. Салыстыру құқықтық құбылыстар мен институттардың ортақ даму заңдылықтарын ашуга, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтауга, кездейсоқ және заңды құбылыстарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік береді. Шетелдердің құқығын білу отандық құқыктың төререк түсінуге, оның артықшылықтары мен кемшін тұстарын анығырақ көруге жол ашады. Теренірек түсінуге, оның артықшылықтары мен кемшін тұстарын анығырақ көруге жол ашады. Салыстырмалы құқықтанудың тәжірибелік маңызына келсек, ол түрлі мемлекеттердің заңнамасының жақынласуына, бірегейленуіне, үйлесуіне септігін тигізеді, шетелдік озық үлгілерді ұлттық құқықтық жүйені жетілдіру барысында пайдалануға мүмкіндік береді. Интеграциялық үдерістердің қарқын алушымен сипатталатын жаһандану заманында шетелдердің құқығын зерттеу ерекше маңызға ие болуда.

Шетелдік мемлекеттердің қылмыстық заңнамасындағы жазаларды салыстырмалы-құқықтық талдау отандық заңнаманың қай қырлары жалпыелемдік ұстанымдарға толық сәйкес келетінін, ал қай тұстары шетелдердегі басым үрдістерге керегар бағытта дамып бара жатқанын бағалауға мүмкіндік береді. Заманауи жазалар жүйесінің ортақ контексті мен көптүрлілігінің шектерін түсіну ұлттық заңнамадағы жазалар жүйесінің ері қарай даму бағыттарын анықтау үшін ерекше маңызды, -деп жазады В.А.Жабский [1; 4].

Францияның қолданыстағы Қылмыстық кодексі 1992 жылы қабылданып, 1994 жылдың 1 наурызында қүшіне енді. Айыппул жазасын сипаттауға кіріспес бұрын, мына жайттарды назарда ұстаган дағыс: бұл елдің қылмыстық заңнамасы қылмыс, теріс қылыш және полициялық бұзушылықтар деп аталатын қылмысты әрекеттердің үш түрін көздейді, сәйкесинше олардың әрқайсысы үшін тағайындалатын жазалар қылмыстық, түзеу және полиция жазалары деп бөлінеді.

Бұл елдің қылмыстық заңнамасы бойынша айыппул қылмыстар үшін де, теріс қылыштар үшін де, полициялық бұзушылықтар үшін де тағайындалатын жаза түріне жатады [2; 153-154]. Қылмыстар үшін жеке тұлғаларға тағайындалатын айыппулдың ең жоғарғы мөлшері 50 млн. франкты құрайды. Теріс қылыштар үшін тағайындалатын айыппулдың екі түрі бар: ақшалай айыппул және айыппул-күндер. Ақшалай айыппул сотталушыдан бірден өндіріліп алынады, ал айыппул-күндер сотталған адамға жүйелі турде белгілі бір соманы қазынага төлең түрү міндеттін жүктеуден тұрады. Әрбір төлеменің мөлшері сотталған адамның табыстарын ескере отырып анықталады, бірақ 2 мың франктан аспауы керек. Айыппул-күндердің саны 360-тан аспауы керек [3; 192].

Полициялық бұзушылықтар үшін тағайындалатын жаза түрлерінің ішінде қолданылу жиілігіне қарай айыппул бірінші орында тұр. Заңнамада айыппулдың ең теменгі мөлшері көрсетілмеген, ал ең жоғарғы мөлшері жасалған бұзушылықтың сыныбына байланысты. Жеке тұлғаларға тағайындалатын айыппулдың ең жоғарғы мөлшері: бірінші сынып бұзушылықтары үшін – 250 франк, екінші сынып үшін – 1 мың франк, үшінші сынып үшін – 3 мың франк, төртінші сынып үшін – 5 мың франк, бесінші сынып үшін –

10 мың франк. Эрекет кайталап жасалған жағдайларда бесінші сынып бұзушылықтары үшін айыппул 20 мың франкка дейін қөтерілу мүмкін.

Айыппул Франция қылмыстық заңнамасы бойынша негізгі жаза ретінде ғана тағайындалуы мүмкін. Қылмыстар мен теріс қылықтар үшін ақшалай айыппул көп жағдайларда бас бостандығынан айрумен қатар көзделеді. Сот бул жазалардың біреуін немесе екеуін бірге тағайында алады. Бұл жағдайларда бас бостандығынан айрумен қатар тағайындалған айыппул қосымша жазага айналмайды. Айыппул-күндер де қосымша жаза ретінде тағайындала алмайды, өйткені ол түзеушілік түрмеге қамау жазасының орнына қолданылатын негізгі жаза болып табылады.

Франция қылмыстық заңнамасының тағы бір ерекшелігі – заңды тұлғаларға қолданылатын жазалардың дербес жүйесінің көзделуі. Бұл жүйеде негізгі орын айыппулға тиесілі. Заңды тұлғаларға қолданылғанда жеке тұлғалар үшін көзделген айыппул мөлшері бірнеше есе көбейтіледі.

Германия Федеративтік Республикасының қолданыстағы Қылмыстық кодексі 1871 жылы қабылданып, 1987 жылы жаңа редакцияда жазылған. Қылмыстық заңнама қылмысты әрекеттерді қылмыстар және теріс қылықтар деп беледі.

Бұл елдің қылмыстық заңнамасы айыппулдың екі түрін көздейді: ақшалай айыппул және мүліктік айыппул. Олардың біріншісі негізгі жазалардың қатарына жатса, екіншісінің құқықтық табигаты заңда нақты айқындалмaganдықтан, оны бас бостандығынан айрумен қатар тағайындалатын қосымша жазаның ерекше түріне жатқызуға болады.

Ақшалай айыппул күндік мөлшерлеме бойынша есептеледі. Күндік мөлшерлеменің ең төменгі саны – 5, ең жоғарғы саны – 360. ГФР ҚҚ 40-параграфына сай күндік мөлшерлеменің ең төменгі шамасы – 2 неміс маркасы, ең жоғарғысы – 10 мың неміс маркасы. Күндік мөлшерлеме тұлғаның жеке және материалдық жағдайын ескере отырып айқындалады. Бұл ретте адамның бір күнде табуы мүмкін орташа таза табысы, сондай-ақ өзге де күнкөріс көздері есепке алынады.

Егер сottalған адам айыппулды дереу төлей алмаса, сот оны төлеуді кейінге қалдыра алады немесе айыппулды бөліп төлеуге рұқсат береді. Айыппулдың төленбеген бөлігінің орнына бас бостандығынан айыру тағайындалады. Бұл орайда бір күндік мөлшерлемеге бас бостандығынан айырудың бір күні сәйкес келеді.

Мүліктік айыппул қылмысты табыс табумен байланысты ауыр пайдакунемдік қылмыстар үшін көзделеді (ГФР ҚҚ 43а-параграфы) [4; 62]. Айыппулдың бұл түрі 1992 жылғы «Астыртын есірткі саудасымен және ұйымдастырылған өзге де нысандарымен курсес туралы» Заңмен енгізілген болатын. Мүліктік айыппул түріндегі жазаны енгізе отырып, неміс заңшығарушысы ұйымдастық топтардың қылмысты қызметінің нәтижесінде алынатын табысты алып қоюды және ақша қаражатының ұйымдастық саласына қайта инвеститциялануына жол бермеуді мақсат етті.

Мүліктік айыппул заңда айқындалған тізімге кірген қылмыстардың шектеулі түрі үшін ғана тағайындала алады: жалған ақша жасау, жалған төлем құжаттарын жасау, жалған ақша жасауга дайындалу, Еуропа чектерін және Еуропа чектерінің картасын қолдан жасау, адам саудасының ауыр түрлері, женгетайлық, банда жасаған ауыр және аса ауыр ұрлық, бандада кесіп түріндегі жасаған қылмыстық жолмен табылған мүлікті жасыру, ақшаны жылыштату (заңдастыру), тыйым салынған құмар ойындарын ұйымдастыру.

Неміс заңгері Карл Лакнер мүліктік айыппулдың негізінде екішты тұжырымдама жатыр деп санайды. Бір жағынан, мүліктік айыппул қосымша жазаның өзіндік бір түрі бола тұра, кінә қағидасына жауап беруі керек, ал, екінші жағынан алғанда, мүліктік айыппул кінәдан тыс, қылмысты әрекетті жасаған адамды қылмыстық кесіпке негізделген ұйымды құру немесе сақтап қалуға арналған қаражаттан айыру мақсатын көздеуі керек [5].

Мүліктік айыппулдың ақшалай айыппулдан басты айырмашылығы – мүліктік айыппулдың күндік мөлшерлемелер жүйесі бойынша есептелмеуінде. Мүліктік айыппулға сottalған адам мөлшерін сот анықтаған ақшалай соманы төлейді. Заңнамада мүліктік айыппулдың төменгі және жоғарғы шектері көрсетілмеген. Мүліктік айыппул мөлшерін сот қылмысты әрекетті жасаған адамның кінәсін ескере отырып емес, ең бірінші кезекте оның ислігіндегі мүліктің құнын ескере отырып анықтайды. Бұл жерде «мүлік» деп қылмысты әрекетті жасаған адамның мүліктік міндеттемелерін алып тастағандагы ақшалай бағалауға болатын бүкіл экономикалық табыстары айтылып тұр.

Мүліктік айыппул туралы норма диспозитивті норма болып табылады. Яғни, мүліктік айыппул міндетті қосымша жаза емес, оны тағайындау-тағайындау туралы мәселені эр нақты жағдайда соттың өзі шешеді. Егер сот мүліктік айыппулды тағайындау қажет деп тапса, ол ақшалай айыппулды тағайындау алмайды. Басқа сөзben айтканда, айыппулдың екі түрін қатар қолдануға жол берілмейді.

Мүліктік айыппул жазасы сот тәжірибесінде ете сирек қолданылады. Оның басты себебі – қылмысты әрекетті жасаған адамның мүлкін және оның кімге тиесілі екенін анықтау ете қыын, кейде тіпті мүлде мүмкін емес.

Испанияның қолданыстағы Қылмыстық кодексі 1995 жылы қабылданған [6]. Бұл елдің қылмыстық заңнамасы да қылмысты әрекеттерді қылмыстар мен теріс қылықтарға бөледі.

Испания ҚҚ бойынша айыппул жазасы екі жүзден астам қылмысты әрекет үшін көзделген. Айыппул күндік мөлшерлеме бойынша есептеледі. Испания ҚҚ 50-бабына сай айыппулдың ең төменгі мөлшері – бес күндік жалақыға, ең жоғарғы мөлшері – екі жылдық жалақыға тең. Бір күндік төлем ең кем

дегенде 200 песетті, ең көп дегенде 50 мың песетті құрауы керек.

Айыппұл келтірілген залалға, қылмыс объектісінің құндылығына немесе қылмысты әрекеттөн алынған пайдага барабар мөлшерде белгіленеді. Айталақ, есірткі айналымымен байланысты әрекет үшін Испания ҚК 368-бабы өсірілген, өндірілген немесе сатылған есірткі заттардың үш есе құнына тең айыппұл көздейді.

Егер үкім шыгарылған соң сотталған адамның материалдық жағдайы күрт нашарлап кетсе, сот Испания ҚК 51-бабының негізінде айыппұл мөлшерін төмөндейтуі мүмкін.

Тағайындалған сома төленбеген жағдайда айыппұл өзге жаза түрімен, әдетте, демалыс қундерінде қамакқа алумен, ауыстырылады. Бұл орайда айыппұлдың екі құндік төлеміне қамакқа алудың бір күні сәйкес келеді. Сотталушының келісімі бойынша сот айыппұлдың орнына қоғам пайдасына еңбек етуді тағайындау мүмкін. Егер сотталған адам келтірілген залал мөлшерінде тең айыппұлды төлемесе, оны бір жылга дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыргуга үкім етіледі.

Англия қылмыстық құқығындағы мүліктік жазаларға сипаттама бергенде жалпы құқықтың «бесігі» саналатын бұл елде кодификацияланған қылмыстық заңның жоқ екендігін есте ұсташа керек. Қазіргі кезде Англия қылмыстық құқығының кайнар көздерінің катарын тек қана сот прецеденті емес, сондай-ақ сонғы жылдары маңызы артып келе жатқан статуттар да құрайды.

Англияда айыппұл түріндегі жазаны реттеуде бірізді ұстаным жоқ. Мысалы, айыппұл мөлшері қылмыстық құқықтың Жалпы беліміне жататын статутпен де, накты әрекеттердің қылмыстылығы мен жазалышының анықтайтын заңмен де айқындалуы мүмкін. 1982 жылғы «Қылмыстық юстиция туралы» Заң бойынша мардымсыз қылмыстар үшін тағайындалатын айыппұл мөлшері 2 жүзден 5 мың фунт стерлингке дейін болуы мүмкін. Айыппұлды төлеу мерзімі мен тәсілін сottтың өзі анықтауды.

1973 жылғы «Қылмыстық соттардың құзыреті туралы» Заң соттарды кез келген адамға айыппұл жазасын тағайындағанда осы адам айыппұл сомасын толемеген жағдайда өтелетін бас бостандығынан айыру жазасының мерзімін анықтауға міндеттейді. Бұл жағдайда бас бостандығынан айырудың мерзімі 12 айдан аспауы керек.

Америка Құрама Штаттарының қылмыстық құқығын зерттеген ғалымдар жаза институтының дамуында қандай да бір басым бағытты беліп алу қын деп жазады [7; 77]. Соған қарамастан, федералдық және жекелеген штаттардың қылмыстық заңнамасындағы санкцияларды талдау барысында негізгі жазаларға: өлім жазасын, бас бостандығынан айырудың санқылды түрлерін, пробацияны және айыппұлды жатқызуға болады. Қосымша жазаларға – келтірілген зиянды қалыпта келтіру міндеттін жүктеу, реституция, түрлі құқықтардан айыру, тәркілеу, сондай-ақ қөптеген жағдайларда бас бостандығынан айырудың баламасы болып табылатын айыппұл жатады.

АҚШ-та айыппұл бас бостандығынан айырумен қатар ең жи қолданылатын жазалардың санатына кіреді. Заңнама соттарға бұл жаза түрін тағайындауда кең мүмкіндіктер береді, кейде тіпті судьяларды айыппұл санкциясын тағайындауға «интермелейді» деуге де болады. Мысалы, федералдық заңнама санкциялары көп реттерде белгілі деңгелерде қарастырылады: «кінәлі айыппұлмен және (немесе) түрмеге қамаумен жазаланады».

Улгілі ҚК 7.02-бабында айыппұл жазасын тағайындауға қатысты ережелер тұжырымдалған: егер сот белгілі бір факторларды (жасалған қылмыстың сипаты мен мән-жайлары, сондай-ақ кінелінің жеке басын сипаттайтын мәліметтер) ескере отырып, қоғамды қорғау үшін айыппұл жеткілікті деген көрініндін келсе, ол сотталушыға тек қана айыппұл төлеуді тағайындауды. Бірақ сот айыппұлды бас бостандығынан айыруға немесе пробацияга қосымша ретінде мына жағдайларда тағайындаі алмайды: а) сотталушы жасаған қылмысынан материалдық пайда көрмese; ә) сот айыппұл сотталушының нақ осындай қылмыс жасауының алдын алу және құқықбұзушыны түзеу мақсаттарына сай шара болып табылатынына кәміл сенімді болмаса. Осы бапта сонымен қатар балай деп көрсетілген: а) егер сотталушы айыппұлды төлей алмайтын болса немесе айыппұл оны реституция жасау не жәбірленешінің талаптарын қанағаттандыру мүмкіндігінен айыратын болса, сот оған айыппұл тағайындауды; ә) айыппұлдың мөлшері мен оны төлеу тәсілін анықтағанда сот сотталушының қаржылық жағдайын және айыппұл тағайындалуына байланысты оған түсестін салмақты ескереді.

Улгілі Қылмыстық кодекстің жоғарыда келтірілген ережелері жекелеген штаттардың және федералдық заңнаманының сәйкес ережелерімен үндес. Мысалы, Федералдық ҚК 3572-параграфына сай айыппұл тағайындағанда сот сотталушының мүліктік жағдайын ғана емес, оның камкорлығындағы өзге де адамдардың әл-ауқатын ескеруге тиіс.

Федералдық ҚК бойынша айыппұл тек қана пайдакүнемдік қылмыстар үшін тағайындалмайды, кез келген қылмыстар үшін тағайындалуы мүмкін. Нью-Йорк (80.00-параграфы) және Кентукки (534.030-параграфы) штаттарының ҚК бойынша айыппұлдың мөлшерін анықтағанда қылмыс жасау нәтижесінде алынған пайда ескеріледі, ал Алабама штатының ҚК (13A-5-11-параграфы) бойынша сонымен қатар жәбірленушіге келтірілген залалдың мөлшері есепке алынады.

Айыппұлдың ең жоғары мөлшерін бекітуде бірізділік жоқ. Айталақ, Нью-Йорк шататында фелония үшін көзделген айыппұлдың ең жоғары мөлшері 55 мың доллар болса, Пенсильвания мен Огайода – 25 мың доллар, Алабамада – 20 мың доллар, ал федералдық деңгейде адам өліміне алып келген кез келген фелония мен мисдиминор үшін айыппұлдың ең жоғары мөлшері – 250 мың доллар. Әдетте, заңды тұлғалар үшін көзделген айыппұл мөлшері жеке тұлғаларға көзделгеннен екі есе жоғары болады.

Бірақ қылмыстардың кейбір түрлері үшін көзделген айыппұл мөлшері астрономиялық сомаларға жетуі мүмкін, мысалы, Федералдық ҚҚ 841-параграфына сай есірткі айналымымен байланысты қылмыстар үшін 8 және 20 млн. доллар айыппұл тағайындалады. Соңғы жайт АҚШ Конституциясының шектен тыс айыппұлдар салуга жол бермеу туралы VIII түзетуіне керегар келеді.

Сотқа айыппұл жазасын тағайындағанда сотталушының қаржылық жағдайын ескеру міндеттінің жүктелуі айыппұл төлеу мүмкіндігі жок адамдарға бас бостандығынан айыру жазасының тағайындалуына алып келеді. И.Д.Козочкин бұл тәжірибеге теріс баға береді, оның ойынша, қалталы құқық бұзушылар іс жүзінде бостандығын «сатып алады» [7; 82]. Осыған орай ресейлік заңгерлер парапорларға айыппұл жазасын тағайындау тәжірибесінен бас тарту керек деп санайды, өйткені парапорлар үшін айыппұл алдекайда қатал қылмыстық жауаптылықтан құтылып кетудін жолы болып табылады [8].

Ақтайтын себептерсіз айыппұлды төлемеу сотталған адамды түрмеге қамауға алып келеді. Мысалы, Огайо (2947.14-параграф) және Кентукки (534.060-параграф) штаттарының ҚҚ бойынша айыппұлды эдейі төлемеген адам алты айға дейінгі мерзімге түрмеге қамалады. Кейбір штаттардың қылмыстық заңнамасында айыппұлды түрмеге қамаудың бір күніне шағудың ережелері көзделген. Орегон штатының ҚҚ бойынша түрмеге қамаудың бір күніне айыппұлдың 25 доллары сәйкес келеді, бірақ түрмеге қамау мерзімін бір жылдан асыруға болмайды (161.685-параграф). Калифорния штатының ҚҚ бойынша түрмеге қамаудың бір күніне айыппұлдың 30 доллары сәйкес келеді, бұл штатта түрмеге қамаудың мерзіміне қатысты шектеу жок, дегенмен, түрмеге қамаудың мерзімін сәйкес қылмыс үшін көзделген мерзімнен асыруға болмайды (1205-параграф).

Айыппұлды қылмыстық жаза ретінде көздеудің жағымды да, жағымсыз да тұстары бар. Айыппұл бас бостандығынан айыру сиякты сотталған адамның рухын түсірмейді. Бұдан өзге айыппұл мемлекетке шығын әкелмейді, тіпті бюджеттің кіріс бөлігін арттыруға септігін тигізеді. Дегенмен, АҚШ-та да соттар тағайындаған айыппұлдардың мardымсыз болігі ғана төленеді.

Салыстырмалы-құқықтық талдау көрсеткеніндей, айыппұлдың жазалаушылық мазмұнын анықтауда алыс шетелдердің қылмыстық заңнамасында алшақтық жок: ұлттық заңшыгарушылардың барлығы айыппұлды сотталған адамнан мемлекеттің кірісіне акша өндіріп алу арқылы оны мұліктік шектеулерге ұшырату деп қарастырады. Айыппұлдың жазалаушылық мәні ерекше түріне ГФР қылмыстық заңнамасында көзделген мұліктік айыппұлды жатқызуға болады. Дегенмен, мұліктік айыппұлдың міндетті емес қосымша жаза ретінде көзделуі, ауыр пайдакунемдік қылмыстар үшін ғана тағайындалтуы, оның мөлшерінің сотталған адамның иелігіндегі мұліктік құнына тәуелді болуы бұл жазалау шарасының өзінің мәні бойынша отандық заңнамадағы мұліктік тәркілеу жазасына біршама жақын екендігін көрсетеді. Сондай-ақ Франция қылмыстық заңнамасындағы сотталған адамға жүйелі түрде белгілі бір соманы қазынаға төлеп түрү міндеттін жүктеумен үштасатын «айыппұл-күндер» мен біздің жаңа қылмыстық заңнамадағы түзеу жұмыстары түріндегі жазаның арасында параллель жүргізуға де әбден болады.

Алыс шетелдердің қылмыстық заңнамасын талдаудан 2014 жылғы КР Қылмыстық кодексінің айыппұл туралы нормасының мазмұнына шетелдік үлгілердің әсері болғаны айқын көрініп тұр:

1) 1997 жылғы КР Қылмыстық кодексі айыппұлды негізгі де, қосымша да жаза ретінде қолданылатын балама жазалардың қатарына жатқызса, 2014 жылғы КР Қылмыстық кодексі айыппұлды негізгі жазалар қатарына көшірді.

2) 1997 жылғы КР Қылмыстық кодексінің соңғы редакциясы айыппұл мөлшерін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына шағып есептеу тәртібін ғана көздейтін. Жаңа қылмыстық заңнама оған қосымша айыппұл мөлшерін пара сомасына немесе құнына еселец санау тәртібін енгізді. Айыппұл сомасын қылмысты әрекеттен түсken пайдаға шағып есептеу тәсілі Испания қылмыстық заңнамасында есірткінің заңсыз айналымымен байланысты қылмыстардың санкционларында ұшырасады.

3) Есік қылмыстық заңнама айыппұлды бас бостандығынан айыру жазасымен алмастыруға жол бермейтін. 2014 жылғы КР Қылмыстық кодексінің 41-баб. 3-бөлігіне сай сотталған адам айыппұл жазасын өтеуден жалтарған жағдайларда қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін тағайындалған айыппұл қоғамдық жұмыстарға тарту не қамакқа алу жазаларымен ауыстырылады, ал қылмыс жасағаны үшін тағайындалған айыппұл бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

Шетелдік ғалымдар біздің қылмыстық заңнаманың айыппұлды құқықтық реттеудегі ұтымды тұстарының бірі ретінде бұл жазаны өтеуден жалтарған жағдайларда айыппұлдың орнына тағайындалуы мүмкін жаза түрлері мен айыппұл мөлшерінің нақты аракатынасының анықталуын атайды [1; 12].

Айталақ, отандық заңнама бойынша қылмыстық теріс қылық үшін тағайындалған айыппұл ауырырақ жаза түрімен алмастырылғанда олардың ара қатынасы былайша анықталады: айыппұлдың бір айлық есептік көрсеткішіне қоғамдық жұмыстарға тартудың бір сағаты сәйкес келеді; айыппұлдың бір айлық есептік көрсеткішіне қамаққа алуудың бір тәулігі сәйкес келеді. Қылмыс үшін тағайындалған айыппұл бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырылғанда айыппұлдың төрт айлық есептік көрсеткішіне бас бостандығынан айырудың бір күні сәйкес келеді.

Өкінішке орай, отандық қылмыстық заңнамада қылмыс үшін тағайындалған айыппұл жазасын бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырылғанда айыппұлдың ішінара төленіп қойылған бөлігін есепке алу мүмкіндігі көзделмеген. Бұл олқылықты жою үшін ГФР Қылмыстық кодексінде көзделгендей, бас бостандығынан айыру жазасының мерзімін айыппұлдың төленбекен бөлігіне ғана шағып есептеу тәртібін бекіту керек деп санаймыз.